

**Тақырыбы: Мен таңдаған мамандық.**

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушыларға мамандық туралы түсінік беру, оларға қолдау көрсету. Жоспарларын анықтау, мамандық таңдаудың қыр-сырын меңгерту.

**Дамытушылық:** Өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс таңдай білуге баулу, мақсат қоя білуге икемдерін қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** Басқаның пікірін тыңдап, сыйлай білуге тәрбиелеу.

**Түзетушілік:** Оқушылардың сөйлеу мәнерін қадағалап, дыбыстарын түзету.

**Көрнекілігі:** Суреттер, қима қағаздар, слайд.

**Меңгерілетін сөздер:** Кәсіп, білікті маман, жұмысшы, қызметкер, диханшы, егінші, бақташы, еңбек ақы, ақша, жақсы көру, жүрек қалауы.

**Барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі**

а) Амандасу

ә) Тақырыпты бірге оқу.

**I.**

**Тәрбиеші:**

- Балалар, бүгін қандай күн?
- Жылдың қай мезгілі?

**Балалар:**

- Бүгін 17-ақпан. Бейсенбі.
- Қыстың соңғы айы.

**Тәрбиеші:**

- Бүгінгі ауа-райы қандай?
- Бүгін ... ..
- Балалар, бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?
- Ашық тәрбие сағатына дайынсындар ма?

**Балалар:**


- Көңіл-күйіміз тамаша!
- Біз дайынбыз.

**Тәрбиеші:**

- Жарайсындар, балалар!
- Ендеше, іске сәт!

- Балалар, бүгінгі тақырыбымыз мамандықтар жайында болады.

Сатушы



Құрылысшы



Тігінші



Суретші



Бағдарламашы



Жиһаз жасаушы



Биші



Әнші

Шаштараз



Косметолог-әрлеуші



Кітапханашы



### **Тәрбиеші:**

- Балалар, мамандықтың түрлері өте көп екендігін білдік.

### **III.**

#### **Тәрбиеші:**

- Жұмысшы қызметкерлер:  
Күзетші – қарауыл  
Анықтамашы – вахтер  
Кастелянша  
Бақташы  
Аула сыпырушы  
Еден жуушы  
Ыдыс жуушы

### **IV. Ойын: «Кім? Қандай жұмыс жасайды?»**

Балаларға мектепте жұмыс жасайтын қызметкерлердің суреттерін көрсетіп есімдерін және қызметтерін айтқызу.

«Кім жылдам?» ойыны арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін байқау.

#### **Тәрбиеші:**

- Жарайсыңдар, балалар!
- Сендер бітіруші сынып болғандықтарың үшін, өздерің оқып бітірген мектептің әрбір маман иесін, әрбір жұмысшының атын біліп жұмысына құрметпен қарауларың керек.
- Ертең мектеп бітіріп басқа жақта жүрсеңдер, естеріңе алып, бір жерде көріп қалсаңдар амандасып, хал-жағдай сұрасып тұрасыңдар. Ол үлкен адамгершілік пен тәрбиеліктің белгісі болады.

### **V. Ата-ана мамандығын білу.**

#### **Тәрбиеші:**

- Балалар, енді кімнің ата-анасы қайда, кім болып жұмыс жасайды, соны ортаға саламыз.  
(Балалар кезегімен ата-аналарының есімін айтып, қызметтерін атап шығады.)

#### **Балалар:**

- Менің анам Айнұр. Бастауыш сынып мұғалімі.
- Менің әкем Досан. Ол малшы. Анам Базаркүл үй шаруасымен айналысады.
- Менің әкем Алишер – құрылысшы-прораб, Анам Баргинса үйде.
- Менің әкем Жүнісбай, темір жолда жұмыс жасайды. Анам Перуза - тіс дәрігері.
- Менің әкем Нұрлан – кәсіпкер. Анам Венера – сатушы.
- Менің әкем Хұдайберген, диханшы – егін егеді. Анам Үрхия – гүл өсіруші.



- Менің әкем Әсетхан – тепловоз машинисі. Анам Гүлзира – биология пәнінің мұғалімі.

#### **Тәрбиеші:**

- Жарайсындар, балалар!
- Тамаша! Сендердің ата-аналарың әр түрлі салада, әр жерде жұмыс атқарады екен. Рақмет! Мұны сендердің білгендерің дұрыс.
- Әрбір ата-ана балаларының аман-есен жүріп, жағдайлары жақсы болуы үшін, сендер үшін жұмыс жасап, еңбек етіп отбасын асырап жүр.
- Ертең сендер мектепті бітіріп, колледжде оқып бір-бір маман иесі болып, әр салада жұмыс жасайсындар. Жасаған жұмыстарың үшін еңбек ақы, ақша аласындар. Сол табыстарыңмен ата-аналарыңа жағдай жасап, бағасындар. Ата-ананы құрметтеу, сыйлау әр баланың парызы.

#### **VI. Сергіту сәті**

Қане балалар, тұрайық,  
Алақанды ұрайық.  
Бір отырып, бір тұрып,  
Бір тынығып алайық.

#### **VII. Мамандық таңдау.**

##### **Тәрбиеші:**

- Балалар, мамандықтың түрі көп. Әнші халық алдына шығып ән салады. Дәрігер – адам өмірінің арашасы. Ұстаз – білім береді. Жазушы – сөзбен адамзатты тәрбиелейді, ой салады.
- Адам жас кезінде терең білім алуға талпынады, көп оқиды.
  
- Сендер дәл осы кезеңде кім болуды ойлап жүрсіндер?
- Қайда, қандай жұмыс жасауды қалайсындар?

##### **Балалар (кезегімен жауап береді):**

- Менің аспазшы-кулинар болғым келеді.
- Менің бет, шаш әрлеуші-косметолог болғым келіп жүр.
- Маған футболшы болған ұнайды.
- Мен ағаш бұйымын жасаймын.
- Мен суретші боламын.
- Мен жүргізуші боламын және спортпен де айналысамын.

##### **Тәрбиеші:**

- Бәрекелді! Рақмет, балалар. Жарайсындар!

#### **VIII. Қорытындылау.**

- Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты

болады. Ал жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындықтарға кездеседі.

**Тәрбиеші:**

- Балалар, бүгінгі тәрбие сағатынан не біліп, не үйрендіңдер?
- Қандай мамандықтар сендерге ұнайды?
- Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

**Балалар:**

- Бүгінгі тәрбие сағатынан мамандықтың көп түрін білдік.
- Әр мамандықты әрбір жұмысшыны құрметтеп, сыйлауды үйрендік.
- Армандаған, қалаған жұмысымызды ортаға салдық.
- Жақсы маман болу үшін, жүректің қалауы, жақсы көруі керектігін білдік.
- Ата-анамыздың қайда жұмыс жасайтынын білдік.

**Тәрбиеші:**

«Болмасаң да, ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз», - деген Абай атамыздың керемет өлең шумағымен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтағым келіп тұр.

- Балалар, алға ұмтылып, армандарыңа жетіп, нағыз маман иесі болуларыңа шын жүректен тілектеспін.
- Сәттілік сендерге!
- Осымен ашық тәрбие сағатымызды аяқтап, қонақтармен қоштасамыз.
- Сау болындар!

26.01.2022ж.

ЗБЖ. Зиятқан А. Ақжол -

Директор : С.Н. Шибетов

ДСТ.з.о.: Абилова Л.К.

В.Н.